

Тапсырыс берушінің объектілерінде Мердігерлердің жұмыстарды орындауы және қызметтерді көрсетуі кезіндегі өндірістік қауіпсіздік талаптарының бұзылушылық тізбесі.

№ р/б	Бұзушылық атауы*	Тұрақсыздық айыбының (айыппұл-дың) мөлшері, АЕК	Бұзушылықты тіркеу құжаты	Ескерту
1	2	3	4	5
1	Тапсырыс берушінің объектілерінде (аумағында) және/немесе жұмыстарды орындау / қызметтерді көрсету кезінде, Мердігер қызметкерлерінің алкогольдік, есірткілік немесе басқа уытты заттардан мас күйде болуын анықтау (бұл фактілерді Мердігердің қызметкерлері анықтаған сәттен бастап 24 сағат ішінде Тапсырыс берушіге бұл туралы жазбаша хабарламамен тікелей хабарлаған жағдайларды қоспағанда)	35 АЕК	Медициналық куәландыру актісі немесе Мердігер жұмыскерінің медициналық тексеруден өтуден бас тартуын тіркеу туралы акт Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы.	
2	Жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде болған апат, оқыс оқиға, жарақат алу, технологиялық режимнің бұзылу, қоршаған ортаның ластану фактісі туралы ақпаратты Мердігердің 24 сағат бойы жасыруы немесе ұсынбауы.	35 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	

№ р/б	Бұзушылық атауы*	Тұрақсыздық айыбының (айыппұл-дың) мөлшері, АЕК	Бұзушылықты тіркеу құжаты	Ескерту
1	2	3	4	5
3	Қабылдау-тапсыру актісі бойынша Мердігерге берілген Қазақстан Республикасының өндірістік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құжаттарының, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындамау, оқыс оқиғалар бойынша түзету іс-шараларын жүзеге асыру туралы ақпараттың ұсынылмауы немесе орындалмауы, сондай-ақ осы саладағы шарт талаптарының сақталмауы (әрбір анықталған бұзушылық фактісі үшін).	10 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	
4	Жеке қорғаныс құралдарын қолданбай жұмысты орындау (қауіпсіздік шлемі, қорғағыш көзілдірік, противогаз, көп нүктелі сақтандырғыш байламы, маска).	5 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	
5	Алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, күтіп ұстау және пайдалану жөніндегі талаптарды бұзу.	10 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	

№ р/б	Бұзушылық атауы*	Тұрақсыздық айыбының (айыппұл-дын) мөлшері, АЕК	Бұзушылықты тіркеу құжаты	Ескерту
1	2	3	4	5
6	Мердігердің Тапсырыс берушінің объектісінде (аумағында) жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде өндірістік қауіпсіздік сараптамасынан, сынақтан, кәландырудан уақтылы өтпеген техникалық құрылғыларды, жабдықты, құралдарды пайдалануы.	35 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	Өндірістік қауіпсіздік сараптамасының қорытындысы оң болуы және белгіленген тәртіпте тіркелген болуы керек, сараптаманың, сынақтардың, куәландырудың қолданылу мерзімі өтіп кеткен болмауы керек
7	Тапсырыс берушінің объектісінде сұйытылған газдары бар баллондарды қоса алғанда, отын және энергия тұтынатын қондырғыларды, жылу желілерін орнату, сақтау қоймаларын пайдалану, энергия, отын тасығыштарды, оларды қайта өңдеу өнімдерін тасымалдау қағидаларын Мердігердің бұзуы.	30 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	50 мың теңгеден асқан залалды растайтын құжаттар болған жағдайда
8	Мердігердің қауіпсіз пайдалану қағидасын бұзуы немесе құбырлардың, жылу желілерінің, кабельдік желілердің және әуелік электр беріліс желілерінің немесе олардың жабдықтарының зақымдануы.	150 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	

№ р/б	Бұзушылық атауы*	Тұрақсыздық айыбының (айыппұл-дын) мөлшері, АЕК	Бұзушылықты тіркеу құжаты	Ескерту
1	2	3	4	5
9	Оқытылмаған, аттестатталмаған, нұсқаулықтан өтпеген персоналдың жұмысқа жіберілуі, Мердігер қызметкерлерінің еңбекті қорғау, өндірістік және өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтитын нұсқаулықтармен танысқаны туралы құжаттық дәлелдердің болмауы.	10 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	
10	Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілерінде апатқа әкеп соқтыратын Мердігердің әрекеттері.	400 АЕК	Апатты техникалық тексеру актісі.	Актіде апат пен Мердігердің әрекеттері арасындағы байланыс көрсетілуі тиіс.
11	Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілерінде оқыс оқиғаның туындауына әкеп соқтырған Мердігердің әрекеттері.	100 АЕК	Апатты техникалық тексеру актісі	Актіде оқыс оқиға мен Мердігердің әрекеттері арасындағы байланыс көрсетілуі тиіс.
12	Тапсырыс берушінің объектілерінде (аумағында) қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау кезінде қоршаған ортаға зиян келтірген Мердігердің әрекеттері..	900 АЕК	Қоршаған ортаға зиян келтірген апатты, оқыс оқиғаны тексеру актісі	Актіде қоршаған ортаға келтірілген зиян мен мердігердің әрекеттері арасында байланыс көрсетілуі тиіс

№ р/б	Бұзушылық атауы*	Тұрақсыздық айыбының (айыппұл-дың) мөлшері, АЕК	Бұзушылықты тіркеу құжаты	Ескерту
1	2	3	4	5
13	Белгіленген аумақтан тыс жерлердің ластануы және қоқыс тасталуы, құнарлы қабат пен өсімдік жамылғысының бұзылуы, жұмыстарды орындау кезінде топырақ-өсімдік қабаты мен минералды топырақтың араласуы, Тапсырыс берушінің объектісінде (аумағында) мердігердің қызмет көрсетуі, мелиорацияны жүргізу кезінде талаптардың бұзылуы.	120 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	
14	Тапсырыс берушінің объектісінде (аумағында) Мердігердің жұмыстарды орындауы, қызметтер көрсетуі кезінде су объектілерінің ластануы мен қоқыстардың төгілуі, су объектісінің су қорғау аймақтары режимінің бұзылуы, су бетінен су алу және ағынды суларды су объектілеріне рұқсатсыз төгу (басқа заңдық негіздерде).	120 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	
15	Мердігердің жұмыстарды орындау, қызметтер көрсетуі кезінде Қазақстан Республикасының өндіріс қалдықтарымен жұмыс істеу және тұтыну саласындағы табиғат қорғау заңнамасының және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарын сақтамауы	15 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	

№ р/б	Бұзушылық атауы*	Тұрақсыздық айыбының (айыппұл-дың) мөлшері, АЕК	Бұзушылықты тіркеу құжаты	Ескерту
1	2	3	4	5
16	Көлік құралының қозғалысы кезінде жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздік белдіктерін пайдаланбауы	20 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	
17	Жұмыс орнында осы мақсаттарға арналмаған жерлерде темекі шегу	3 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	
18	Көлік жүргізу кезінде телефондарды пайдалану.	5 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	
19	Объектке кіру актілерін, қауіптілігі жоғары жұмыстарға наряд рұқсатты (әр факт бойынша) ресімдемей, жұмыс жүргізуді бастау.	60 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	
20	Бұл үшін арналмаған жерлерде табиғи қажеттіліктерді жүзеге асыру	10 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акт / тексеру парағы	
<p><i>* Осы бұзушылықтардың бірнеше белгілері бір мезгілде болған жағдайда, айыппұлдың жалпы мөлшері салынған айыппұлдардың біреуінің ең жоғары мәні ретінде анықталады, ал мердігер барлық бұзушылықтар үшін тапсырыс беруші алдында жауап береді.</i></p>				